

**К. МҰСАЕВ ТҮРКІ АЛФАВИТІ ТУРАЛЫ: ҒАСЫРЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ
БІРЛЕСУ МӘСЕЛЕСІ / K. MUSAEV ABOUT THE TURKIC ALPHABET: THE
AGE-OLD TRADITION AND PROBLEMS OF UNIONS**

С.Р. БОРАНБАЕВ *
Г. Ө. ҚОШҚАРОВА ***
Д.Н. АБИЕВА ****

Түйіндеме

Мақалада академик К. Мұсаұлының қазіргі түркі тілдерінің жағдайын сараптай отырып, жалпытүркілік ортақ әліпбисіз түркі халықтарының бір-бірін түсінбей өтулері мүмкін екендігін жан-жақты, ғылыми тұрғыдан негіздеп, жаңа ғасырда түркологияда тіл білімімен қатар этнологиялық және мәдениеттанымдық бағытта зерттеулер жүргізу міндеті тұрғандығы, түркітануға осындай қоғамдық, этностық, мәдени мән беруіміз бүгінгі күн талабы, тарихи тұрғыдан қарастырсақ, тіл тарихы ол этностар тарихы, мәдениеттер тарихы, мемлекет пен мемлекетаралық, халық пен халықаралық байланыстардың тарихы екендігі айтылады.

Сыртқы факторлар лингвистикалық жүйені толық өзгерте алмағанымен, этностың қалыптасу процесінде, оның тілінің қалыптасуына негіз болған туыс тілдердің немесе диалектілердің ерекше белгілерін білдіретін дыбыстық өзгешеліктердің тілдік заңдылыққа айналуына арқау болатындығы, өзге халық тілдері сияқты түркі халықтары тілдері де ұзақ әрі күрделі тарихи даму жолынан өтіп, негіз тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптасуына алып келетіндігі сөз болады.

Кілт сөздер: Салыстырмалы-тарихи зерттеу, жалпытүркілік ортақ әліпби, түркі халықтары, грамматикалық ерекшелік, дыбыстық жүйе.

Abstract

K. Musaev academician opinion the impossibility of a full understanding Turkic peoples without a common alphabet reasonably comprehensive scientific analysis of modern Turkology, where the study of languages should be based on ethnological and cultural foundation, as the requirement of today – to make public, ethnic, cultural value Turkology, to fully comprehend the meaning of the ethnic history, cultural history of the state and inter-state relations, people and international relations in the development of language, understand the fact that it is through linguistic unity merged tribes and the emergence of nation as a nation with its own traditions, its culture, with its national world view. External factors can not completely change the linguistic system, but in the formation process of the ethnic group related languages dialects and played a role, enriching language audio features, which after a long historical development, resulted in a particular language system, with its domestic laws, with only her inherent properties, with its morphology, phonetics and semantics.

Key words: Comparative-historical study, Common Turkic alphabet, Turkic peoples, Grammatical features, Sound system.

60-шы жылдардың бас кезі жоғалып бара жатқан аз санды түркі халықтары тілдері түгілі Кеңес Одағы құрамында бірі өз алдына республика, енді бір автономия құрамында жеке-жеке «елдік аты» бар түркі халықтары тілдерінің де толық грамматикаларының жазылып болмаған уақыты еді.

Жазылған күннің өзінде де орталықтың тікелей қадағалауымен, рұқсатымен дайындалған бір-екі оқулық қана болатын. Оның үстіне түркі халықтарының тілі мен тарихына қалам тартқан кейбір түркітанушы ғалымдарымыз қуғынға ұшырап, бұрынғы астанамыз Алматыдан өзге облыс орталықтарына қоныс аударып, сондағы оқу орындарында қызмет істеуге мәжбүр болды. Осы уақытта К. Мұсаұлының жарық көрген «Қарайым тілінің грамматикасы» (1964 ж.) атты еңбегі автордың 1957 – 1963 жылдары Литва, Украина жерлерінде азын-шоғын болып өмір сүріп отырған қарайымдарды аралап, тірнектеп жиған материалдарының негізінде туған еңбек болатын. Аталған еңбекте қамтылған қарайым тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасалған тілдік материалдар қазіргі түркологиялық саластырмалы-тарихи зерттеу еңбектерінде кеңінен пайдаланылып келе жатқан құнды еңбектердің бірі. Қарайым тілі туралы профессор Д. Ысқақұлы (Ысқақұлы: 2013, 354-358) былайша ой түйеді: «Қырықтай түркі тілдерінің ішінде алтауының ғана мемлекеттік тіл, он екісінің мемлекет ішіндегі автономиялық тіл мәртебесі бар болса, мұның өзі мүмкіндігіне, заңды күшіне орай сол тілдердің қалыпты өмір сүруін әрқалай қамтамасыз етіп отырса, қалғандарын қорғансыз тілдер қатарына жатқызуға болады. Бұлардың кейбіреулерінің әлсірегені соншалық, сол тілде сөйлейтін санаулы адамдар ғана қалған. Мысалы, қарайым тілінде Литвада 20, Украинада 10, Польшада 10 адам ғана сөйлейді. Осы қырықтай адам өмірден өтсе, қарайым тілі де өледі. Демек, қарайым тілі қазір хал үстінде. Мұның өзі ертеңгі күні қарайым тілі ғана емес, сол тілде сөйлеген тұтас бір халық, яғни бір кездері Еуразияның Тынық мұхиттан Атлант мұхитына дейінгі аралығында ат ойнатып, билік жүргізген көк түрік ұрпақтарының бір әулеті, сол тілде жасалынған тұтас бір рухани әлем де бұл өмірмен қоштасады деген сөз» - дейді. Осындай күй кешіп жатқан басқа да түркі тілдерінің тағдыры еске түскенде, өткен дәуірлерде әлемді дүр сілкіндіріп, шет жерлерде түркі мәдениетін уғыздап, тілін мемлекеттік дәрежеге көтерген бабаларымыздың еңбегінің еш кеткендігі ме деген ойға еріксіз ораласың.

Түрік халықтары араб әліпбиін тастап, ә дегенде латынға, сосын кириллицаға өтіп алып, содан соң әркім өзіне лайық таңба іздеді. Сөйтіп бір әліппенің өзін әркім әртүрлі қолданды да, халықтар бір-бірінен рухани жағынан алыстап кетті. Ақырында бір-бірімізді дұрыс оқи алмайтын жағдайға жеттік.

Тілдің базис, жазудың қондырма екендігі белгілі. Бұл – философиялық ұғым. Кез келген жазу тілдің дыбысталу мүмкіндігін хал-қадерінше көрсете білуі тиіс. Түркі халықтарының тарихында көне түркі, көне ұйғыр, арап әліпбилері осындай міндетті толығымен атқарған. К. Мұсаев осы тақырыпқа қатысты еңбектерінде жалпытүркілік әліпбиді қалыптастыруды үнемі басты назарда ұстады.

Егемендік алып, кейбір түркі тілдес республикалар латын жазуына көшіп жатқан және көшкен кезеңнің өзінде Ресейдің қоластында қалып қойған түркі жұртының тілдерін сақтап қалу мәселесін ғалым басты орынға қойды. Ресей қазақтарына арнап орыс тілінде жазған «Қазақ тілі» оқулығы (Мұсаев: 2008) осының жарқын бір көрінісі.

Қазіргі түркі тілдерінің жағдайын сараптай отырып, жалпытүркілік ортақ әліпбисіз түркі халықтарының бір-бірін түсінбей өтулері мүмкін екендігін жан-жақты,

ғылыми тұрғыдан негіздеп берген К. Мұсаевтың пікірі ерекше орынға ие. Қарасаңыз Әзірбайжан, Өзбекстан және Түркіменстан түрлі модификацияны қолдану арқылы латын әліпбиіне көшкені белгілі. Бірақ та шешкенінен шешілмеген мәселелер көп болып тұр. Өйткені, жалпытүркілік өзіндік дыбыстарды әліптеуде бірізділік жоқ. Нәтижесінде, кирилл және латын жазуының түркі халытарына ортақтығы мен айырмашылығы болмай тұрғандығын ашына айтуымыз керек. Бұл туралы профессор Ә. Жүнісбек: (Жүнісбек: 2009, 309) «Түркі тілтанымы ғылыми реформаны күтіп тұр, сол реформа фонетикадан басталу керек. Әлем тілдерінің құрамындағы қазақ (түркі) тілінің өзіндік орнын тауып беру сол реформаның басы болып табылады. Сондықтан да әлем тілдерінің туыстық жіктелім бірлігін қайта қарап шығу негізгі мақсаттың бірі болады. Соның нәтижесінде қазақ (түркі) тілінің өзіндік заңдылықтарының басы ашылып, соған лайық зерттелім ғылыми аппараты қалыптастырылады. Сөйтіп қазақ (түркі) тілтанымына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқасында тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкіндігі туады», - дейді.

Қазіргі кезде түркі тілдерінің фонетикасы артикуляция-акустикалық аспекті тұрғысынан кең түрде қарастырылуда. Физикалық сипаттар ретінде тіл дыбыстарының артикуляторлық және жиілік көрсеткіштерімен қатар олардың естілім табиғаты да зерттелуде.

Соңғы жылдары дыбыстардың естілім сипаты бойынша тәжірибелерге зерттеу жүргізуге қызығушылық айтарлықтай артты, себебі зерттеушілер олардан тілдік сигналдың сипаттамаларының маңыздылығын анықтауға және дыбыстық анализіне көшуге мүмкіндік беретін тілдік единицаларды фонетикалық сипаттаудың дербес әдісін көреді. Тілдегі фонетикалық белгілерді қабылдау, тілдік қатынастың міндетті кезеңі болып табылады, оның зерттелуі тілдің дыбыстық қасиетін қарастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі түркі тілдерінің лексикалық құрамында, грамматикалық құрылысында өздеріне тән түркілік тектестік, ұқсастық болғанымен, фонетикалық жағынан салыстырғанда, елеулі ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтар бары сөзсіз. Сондықтан белгілі бір тілдік ерекшеліктері арқылы олар бір-бірінен ажыратылады. Сан ғасырлық тарихы бар бұл тілдердің әрқайсысының бойында әр түрлі сипат болуы заңды. Себебі олардың арғы тегі бір болғанмен, әрқайсысының өзіндік мекені, қалыптасу, даму жолы, тұрмыс-тіршілік, ғылым-білім, мәдениеті салт-дәстүрі бар. Яғни олардың әрқайсысы – жеке ұлт ретінде өзіндік тіл иелері болып табылады. Сондықтан бұлардың тілінің өзіндік ерекшелігі болмауы мүмкін емес. Бұл мәселеге байланысты Н.С. Трубецкой (Трубецкой: 2000, 265) былай дейді: «... сочетание фонем подчиняются в любом языке своим особым законам и правилам, которые имеют значение для данного языка и которые необходимо и для каждого языка отдельно».

Түркілік өркениет әлемдік өркениет бастауларының бірі болса, түркі тілінің элементтерін өткен дәуірлердің өзінде-ақ өзге тілдерден көптеп кездестіруге болады. Түркі халқының тарихы мен тілі дүние ғалымдарының назарын алғашқы күннен бстап өзіне аудартқаны белгілі. Бұл туралы Түркияда социология ғылымдарының негізін қалаушы Зия Гөкалып (Гөкалып: 2012, 481-486) былайша ой қорытады: «...Еуропада пайда болған екінші ағым «Түркология» деп аталады. Ресейде, Алманияда, Мажарстанда, Данияда, Францияда, Англияда көптеген ғалымдар көне түріктер, ғұндар, моңғолдар туралы тарихи және археологиялық зерттеулер жүргізе бастады. Түріктердің

өте көне ұлт екендігін, кең аймаққа тарайтынын және түрлі кезеңдерде бүкіл әлемге үстемдік еткен жиһангер мемлекеттер мен өркениеттер құрғанын алға тартады. Рас, бұл зерттеулердің тақырыбы Түркия түріктері емес, ежелгі Шығыс түріктері болатын».

Кеңестік кертартпа саясаттың аяқ-қолды шырмаған қылбұғауынан Еліміз егемендік алғаннан кейін құтылып, бұрынғы бүркемеленіп айтылған ойларды ашық айту, тарихи әділетсіздікті таразыдан өткізу, мәдени-рухани тұрғыдан құлдырауымыздың нақты себептерін ашып көрсету мен осы олқылықтардың тамырын тереңнен іздеп, оны жоюдың рухани санамызды қалпына келтіру мүмкіндігіне ие болдық. Нақ осы кезеңде қазақ халқының басынан өткізген ауыртпашылықтары мен оның себеп-салдарын ғылыми тұрғыдан анықтауда, анықтап қана қоймай, одан қалай, қайтіп шыға білудің жолдарын көрсеткен қалың қазақтың ұлт жанды, ат төбеліндей азғантай зиялылары ғана болды. Солардың бірі – академик К. Мұсаев. Сол уқыттағы басқа түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінің өзекті проблемалары да К. Мұсаев қаламынан сырт қалған емес. Бұл әсіресе лексикография мен орфография, орфоэпия, тіл мәдениеті мен аударма салаларын қамтиды. Түркі халықтары әліпбиін жетілдіру, оларды шешу мәселесіне ғалым үнемі назарын аударып келеді.

Орыс тілінде жоқ, түркі тілдеріне тән дыбыстарды әліптеуде болған өзара айырмашылықтарды бір ізге түсіру мақсатында К. Мұсаевтың ұсынған принциптері кейінгі зерттеушілер тарапынан және ұлттық әліпбиді қалыптастырушылар тарапынан кең қолданысқа ие болды. Бұл жерде айтатұғын басты мәселе: қазіргі қазақ әліпбиі *и, у* әріптерінің бойына жинақталған дифтонгоидтық сипаты болмаса, бүкіл түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінің негізінде айшықтап бере алады. Әрине, түркі тілдерінің өзіндік дыбыстау ерекшеліктері жазуда көрсете білу толығымен мүмкін емес. Сондықтан орфографиялық сөздіктермен қатар орфоэпиялық сөздіктердің бірлесіп жүруі ұлт тілінің сақталуына негіз болатындығына ғалым баса назар аударады. Бұған мысал ретінде, қазіргі қазақ тілінде *сиыр-сығыр* (көне т.), *жиын-жыйын-йығын* (көне т.), *қиын-қыйын, жуын-жұуын-йуғын* (көне т.), *буын-бұуын-боғын* (көне т.), *сауын-сағын* (көне т.) т.б. Осындай тілдік деректемелерді ғалым өзінің еңбектерінде жүйелі түрде, баяндап отырған мысалына қатысты пайдаланып отырады.

К. Мұсаевтың түркі халықтарының ортақ әліпбиіне қатысты айтқан ой-пікірлері түркі тілдес елдердің ғалымдары тарапынан кеңінен қолдау тапты. Мысалы, қазақ әліпбиінің өткен тарихы мен қазіргі саяси-әлеуметтік жағдайына қатысты мүмкін болатын өзгерістерге байланысты Қ. Күдерінова докторлық диссертация қорғап, оның нәтижелері баспасөз бетінде кеңінен талқыланды.

Түркі халықтарының ортақ әліпбиді қолдануының тиімділігі жөнінде профессор М. Малбақов (Малбақов: 2013, 104-110) былайша ой түйеді: Қазақ тілінің түркі тілдерінің тобына кіретіндігі себепті оның табиғи жаратылысында, тілдік жүйесі мен құрылымында жалпытүркілік заңдылықтар үстемдік етеді. Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі де өте ұқсас. Демек, олардың бәріне ортақ бір жазу түрін қолданған жағдайда жалпытүркілік интеграция күшейе түспек. Мәдени бірегейлік басым бола түспекші. Алыс жатса да түбі бір туыстас Түркия елінде жазу-сызу латын графикасына сонау 1920 жылдардың аяғында көшірілген болса, көршілес Өзбекстан, Түркіменстан, Өзірбайжан елдерінде жазудың латын графикасына көшірілуі 1990 жылдардан басталады. Қазақстан осы елдердің қатарына қосылған жағдайда түркі халықтары арасындағы мәдени, тілдік байланыстар бұрынғыдан да нығая түспек. Бұл мәселеде, ортақ түркілік дыбыс қорын, сәйкес дыбыстарды ортақ, бірыңғай әріптермен таңбалау

ісінің маңызы зор. Түркі тілдерінде ондай дыбыстардың саны көп. Біз осы жолды таңдаймыз. Бұған түркі елдерінің бәрі де мүдделі – дейді.

Ресей қол астындағы түркі халықтары 1926 жылы латын әліпбиіне көшкеннен кейін «түбі бір түркі халықтарымен бірге боламыз» деген оймен мың жарым жылдық тарихы бар арап жазуынан бас тартып, Түркияның латынға көшуі де содан болатын. Өкінішке орай, 1940 жылы Кеңес Одағы құрамындағы түркі халықтарының әліпбиін кирилл әліпбиіне күштеп ауыстырды. Нәтижесінде жалпы түркі тілдеріне ортақ *қ, з, ң, ұ, ө, ү, і, ә* дыбыстары қазақ тілінде жеке дара дыбыс ретінде әліптелсе, өзге тілдерде әріптердің комбинациялануы арқылы, тіптен, мысалы қырғыз тілінде орфоэпиялық жағдайға байланысты айтылатын күйге түсті.

Әліпбидің осындай – орфография мен орфоэпиялық айырмашылықтары-қырғыздардың кейінгі буындарына ұлттық тілін үйренуде кері әсерін тигізуде. Себебі орфоэпияға байланысты жуан дауыстыдан кейін қатаң жуан дауыссыз дыбыстар жазылуы керек. Орфографияда бұл заңдылық сақталмайды. Мысалы, жазылуы Қырғызстан айтылуы Қырғызыстан. Осыдан келіп қырғыз тілінің төл сөздері дыбысталуы жағынан, кейінгі ұрпақтар тілінде бұзылып жатыр деген ғалымдар пікіріне ден қойғанымыз жөн.

Қазақ тілінің фонетика саласын зерттеуде үлкен еңбек сіңірген профессор С. Мырзабеков (Мырзабеков: 2004, 247) дыбыс тіркесіне: «Дыбыстар тіркесі – тілдегі дыбыстардың бір-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орны. Бұл – халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетілген, жүйеленген сөйлеу өнерінің (қаруының) жемісі, нәтижесі» - дейді.

Қазіргі түркі тілдерінің өткен жолы мен бастан кешкен тарихын нақтылау барысында осы тілде көне дәуірлерде ағаш, тас бұйымдары мен тағы да басқа заттардың бетіне ойылып жазылған таңбалардан сыр шерткен абзал. Бұл туралы А.М. Щербак (Щербак: 1970) өзінің түркі тілдерін зерттеудің көп жылдық нәтижесінің негізінде мынадай тоқтамға келеді: «Между тюркскими языками наблюдается больше лексических и семантических расхождений, чем фонетических и грамматических, это создает большую историческую перспективу лексических и семантических соотношении тюркских языков, что имеет первостепенное значение при изучений историй тюркских языков и народов. ... Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений» - дейді де, түркі тілдерінің жазу тарихы мен мәдени-рухани тарихын анықтау үшін түркілік деңгейге дейінгі кезеңді қарастыру керек екендігін тілге тиек етеді. Мұндағы ойдың астарында жатқан нәрсе аға буын ғалымдарымыздың әр кез сөз етіп жүрген біздің жыл санауымызға дейінгі ойма жазулар мен кешегі VII-VIII ғасырлардағы Орхон-Енесей, X-XIV ғасырлардығы ортағасыр жазба мұраларын меңзеп отырған сияқты.

К. Мұсаев түркі тілдерінің үлкен теоретигі ретінде Мәскеуден шыққан 6 томдық *«Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы»* атты ұжымдық еңбектің барлық томдарының белгілі тарауларын жазуға белсене атсалысып, оны редакциялау жұмысымен де айналысқан ғалым. К. Мұсаевтың ұсынған жаңаша тұжырымдары осы беделді еңбекте толық көрініс тапқандығын Ресей ғалымдарының түркологияда

бұрынғы қалыптасып қалған қасаң қағидалардан бас тартып, оның пікірлерін қолдайтындықтары деп бағалауымыз керек.

Ал, екінші еңбегінде түркі тілдерінің тарихи лексикологиясын зерттеу проблемаларына баса назар аударып оны шешудің әдіснамалық негіздерін айқындайды. Сөздік қорды лексика-тақырыптық топтарға бөле қарап, оларды қазіргі қыпшақ тілдерінде таралу аумағы, ареалдық тұрғыдан өзара мағыналық аяда алыс-жақындығын анықтау мәселесін нақты мысалдар негізінде дәлелдеп берді. Әрине, қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи сөздіктері әлі жасалмағандықтан ғалымның осы еңбекті жазу үстінде қаншама тер төгіп, фольклорлық, жазба ескерткіштердегі архаизмдерді тірнектеп жиып қана қоймай, оны ғылыми тұрғыда, салыстырмалы-тарихи әдістің барлық принциптерін сақтай отырып, дәлелдеп шыққанынан ғалымның еңбекқорлығы мен ғылымға деген жауапкершілігіне таңданбасқа лажың қалмайды.

К. Мұсаевтың түркологияның өзекті де сүбелі мәселелерінің ішіндегі тарихи лексикологияның теориялық проблемаларын әлем халықтарының тілдерімен байланыста қарастырған «Лексикология тюркских языков» (1984) монографиялық зерттеуі ғылымның одан әрі дамуына қосылған үлкен үлес, түркітану ғылымындағы жаңа белес болды. Автор түркі тілдерінің іштей интеграциялану және лексика-семантикалық аяда дифференциялану мәселесін тарихи процесс ретінде қарастыра отырып, осы саладағы зерттеу жұмыстарының басты бағыттары мен оларды шешу жолдарын айқындаған. Тіл-тілден сөз алмасу, бір тілдегі лексикалық бірліктің екінші бір тілде кездесу-кездеспеуі оның екінші тілде болмағандығының куәсі емес, ол түрлі тарихи, экстралингвистикалық жағдайлардың әсерінен болуы ықтимал немесе басқаша фонетикалық өзгешеліктермен кездесуі мүмкін. Осы орайда тарихи-семасиологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістерді рет-ретімен пайдалану, оның сыртында белгілі лексика-семантикалық топты құрайтын сөздердің қазіргі кезде туыс емес, өзге тілдердің сөздік қорында сақталу мүмкіндігі есте болуын, сонымен қатар бір сөздің екінші бір тілде өзгешелеу мағына беретіндігін ескертеді. Осы орайда айта кететін бір нәрсе, мысалы қазақ әдеби тіліндегі көнерген сөздердің қатарынан көрінетін *жарғақ* деген сөздің мағынасы белгілі, осыдан келіп туындаған тіркестер де баршылық (*жарғақ шалбар, жарғақ құлағы жастыққа тимеу* т.б.). Ал осы сөз қарайым тілінде «теріден сыдырылып жасалған қағаз, пергамент» деген мағынада қолданылады екен. Яғни сөздің мағыналық аясы кеңейіп, қыпшақ тіліндегі бар, дайын сөз жаңаша қолданысқа ие болған. Ғалымның пікірінше, ең алдымен түркі тілдерін іштей салыстыра отырып зерттеу, содан кейін барып оғыз, қыпшақ, қарлұқ тобындағы тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындау мүмкіндігі пайда болады.

Осының барлығы түркі халықтарының географиялық орналасу, кәсіби, танымдық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі тиіс. Бұған дейін, жалпы лингвистикада, тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын белгілері ретінде фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері негізге алынатын. К. Мұсаев еңбегі тілдің лексикалық қабатында тарихи, мәдени ақпараттың ұзақ сақталатынын, сол арқылы халықтың өзге елдермен байланыстары айқындалатынын көрсетіп берді.

К. Мұсаевтың көтерген өзекті мәселенің бірі – Алтай тілдерінің туыстығы, түркі және моңғол тілдеріне ортақ түбірлер проблемасы. Алтай тілдерінің туыстығы күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе. Бұл ретте ғалымдар пікірі екіге бөлінеді: бірі – бұл тілдерге ортақ тілдік ұқсастықтар олардың түпкі негізі бір болғандықтан деп қарастырса, екінші жағы бұл ғасырлар бойы қатар өмір сүріп, тұрмыс-салтындағы

ұқсастықтардың болуынан бір тілден екіншісіне сөздердің ауысуынан болған тарихи құбылыстың нәтижесі деп қарастырып, екі пікірді қолдаушылар да ойларын тілдік фактілермен бекітіп келеді.

Айта кететін тағы бір өзекті мәселе, ғалым «Қарайым тілінің синтаксисі» еңбегінде *қарайым* этнонимінің түркологияда бұрыннан қалыптасып қалған *қара* - «оқы-» деген мағынасынан басқаша, қазақ халқының құрамындағы керей этнонимімен байланыстыра қарайтындығы. Қарап көрсек, дулаттың бір баласы Ботбайдың ұрпақтарының кіші Булғар, яғни қазіргі Болғарияны құрып, оған билік еткені тарихтан белгілі. Сондықтан, қарайымдардың керейлермен тарихи этногенетикалық тұрғыдан байланысы жоқ деп айтудың өзі ғылыми негіздеуді қажет етеді. К. Мұсаевтың түркі тілдеріне, оның әліпбиіне қатысты ойлары мен тұжырымдарын бірер мақала көлемінде талдап, ғылыми ой айтудың өзі әбестік, оның үстіне мақаламыздың көлемі де көтере қоймайды.

Қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолын, атап айтқанда, тарихи фонетика тұрғысынан - жекелеген фонемалардың дыбыстық өзгеріске ұшырау процесі мен дыбыстардың жүйеленуін, фонетикалық заңдылықтардың тарихи қалыптасуын; грамматикалық тұрғыдан – түркі тілдеріндегі грамматикалық категориялар мен формалардың тарихи дамуы мен қалыптасуын; сөзжасамдық жүйенің, түбірлердің тарихи және семантикалық құрылымын анықтауда; сөздік қор мен сөздік құрамның тарихи дамуын, осы аталған тілдік жүйенің ареалдық ерекшеліктері мен ортақ белгілерін айқындауда орта ғасыр жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан тілдік деректердің орны мен рөлінің ерекше екендігі түркологиялық еңбектерде зерттеулердің басты нысанына айналып отыр. Дегенмен түркі тілдерінің даму тарихындағы кезеңдердің бәрін қамтыған жазба мұралардың тапшылығы немесе олардың түрлі себептермен толық ғылыми айналымға енгендіктері жекелеген түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен фонетикасын, тарихи сөзжасам мен лексикологиясын, тарихи сөздіктерін жасауда белгілі деңгейде қиындықтар туғызып отырғаны аян.

Қорыта келіп айтарымыз, академик Кеңесбай Мұсаұлы Мұсаевтың ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарының кейінгі зерттеушілер тарапынан бірінде толық, кейбірінде үзіп-жарды ізденістеріне негіз болғанын көреміз. Ғалымдарымыздың көне түркі және ортағасыр жазба ескерткіштерін зерттеу барысында келтірген нақты тілдік материалдары қазіргі қыпшақ тілдерінің глоттогенезі бір екендігін айқындайды және бұл этнолингвистикалық тұрғыдан ғылыми негіздегі мәселе.

ӘДЕБИЕТ

Жүнісбек Ә. (2009). *Қазақ фонетикасы*. Алматы: Арыс, 309 б.

Зия Гөкалып (2012). «Түркішілдіктің тарихы». Асыл мұра. Түркі антологиясы, Астана, 481-486 бб.

Малбақов М. (2013). «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің өзекті мәселелері». V. Халықаралық түркология конгресі // Мәдени ықпалдастық және өркениеттер бірлігі. Түркістан, 104 - 110 бб.

Мырзабеков С. (2004). «Қазақ фонетикасы». Алматы: Қазақ университеті, 247б.

Ысқақұлы Д. (2013). «Ғаламдасу дәуіріндегі түркі тілдері». V. Халықаралық түркология конгресінің материалдар жинағы. Түркістан, 354-358 бб.

Трубецкой Н.С. (2000). *Основы фонологии*. Москва, Аспект пресс, 265б.

Щербак А.М. (1970). «Сравнительная фонетика тюркских языков». -Л.